

07.12.2021 ж. № L00022

Ұлы адамдар достығы. Еліктеу сөздер

НУРМУХАМБЕТОВА АЙГЕРИМ КЫДЫРБЕКОВНА

Алматы облысы Ақсу ауданы "Юрий Гагарин атындағы орта мектебі" КММ

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Бөлім:	4-бөлім: Сүйіспеншілік пен достық.
Педагогтің аты-жөні:	Нурмухамбетова Айгерим Кыдырбековна
Күні:	19.11.2021 ж.
Сыныбы: 7 «ә»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ұлы адамдар достығы. Еліктеу сөздер
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Білім алушылар еліктеу сөздерді тілдесім барысында қолдана алады.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	І. Ұйымдастыру, амандасу, сынып оқушыларын түгендеу, оқу құралдарының түгел болуын қадағалау, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау			

	II. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Психологиялық ахуал. Шаттық шеңберін құрып, бүгінгі сабақта мұғалім тарапынан қандай мақтау сөз естігің келеді. «Шашу» әдісі Топқа бөлу : «Ұлы адамдар» суреті арқылы Үй тапсырмасын сұрау. «Дос» сөзіне класстер құру			
Жаңа сабаққа кіріспе 	(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. <i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға</i>	Миға шабуыл жасау арқылы жаңа сабақтық тақырыбын ашу, табу . және де бүгінгі сабақтың мақсатын айқындау. Оқушыларға өз беттерінше сабақ мақсатын ашуға мүмкіндік жасау. Жаңа сабақ: Ұлы адамдар достығы. Еліктеу сөздер А) Сіріңкені жағып, стақандағы суға батыру - От қалай сөнді? (От быж етіп сөнді) - Дыбысты қай сезім мүшелері арқылы қабылдадыңдар?(күлағымызбен естідік) Ә) Сағат аламын да, стол үстіне қоямын - Сағат қалай жүріп тұр? (Сағат тық - тық жүріп тұр) Б) Барабан соғу - Барабан қайтті? (Барабан дүңк - дүңк етті) В) Шар үріп, жару	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.	ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.

	сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.	- Шар қалай атылды? (Шар тарс етті) Сұрақ; Өздерің байқағандай, не көріп, не естідіңдер? Дыбыстарды қай сезім мүшесімен қабылдадыңдар? Бейнелеуішті ұғындыру: Оқушының атын атап шақыру, өзіме қарату (жалт қарау) Шам жағып, сөндіру (жарқ ету) Кинометафора «Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер».	Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 	№1-тапсырма:	«Сөз ойла» сөздердің сыңарларын табу Мәре- Арбаң- Сарт- Абыр- Шарт- Жалт- Елең-	Дескриптор: Жалпы – 3 балл. - сөздердің сыңарларын табады	Оқулық, жұмыс дәптерлері
	№2-тапсырма:	Көп нүктенің орнына төмендегі еліктеу сөздердің тиістісін қой. «Білімді мыңды жығар» әдісі 1.Наташа үрейі ұшып, жүрегі аузына тығылып, пәуескенің	Дескриптор: Жалпы – 4 балл. - көп нүктенің орнына тиісті сөзді қояды -тапсырманы орындайды	Оқулық, жұмыс дәптерлері

	Сергіту сәті	жақтауынан қарыса ұстап, ... етеді. 2.Алыстан ергежейлі біреу ... басып келе жатты. 3.Бір ырғақпен ... етеді. 4.Қатты қорыққаны соншалық денесі ... етеді. 5.Рысқұл түкке түсінбей, бұл ... аяғымдағы кісеннің дыбысы шығар деп қалған. 1.Шыр-шыр 2.Маң-маң 3.Гүр-гүрс 4.Қалш-қалш 5.Салдыр-күлдір «Достарым» әні	Әнді бәрі қосылып орындайды	
	№-3 тапсырма. Еліктеу сөздерді қосып сөйлем құрайды.	«Суреттер сөйлейді» әдісі 	Дескриптор: Жалпы – 3 балл.	Оқулық, жұмыс дәптерлері
	№-4-тапсырма.	Сызба кесте, Білім - “5”-те		

Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия	«Аяқталмаған сөйлем» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.	Жеке жұмыс: Адал дос дегеніміз..... (сөйлемді аяқтау)	Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Жарайсың! Жақсы! Талпын! <i>Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</i>	
---	--	---	---	---

07.12.2021 ж.

№ L00023

Жаңа заман тәрбиешісі

КУРМАШЕВА НУРГУЛЬ ГУБАЙДОЛЛИНОВНА

Батыс Қазақстан Орал қаласы №14 ЖОББМ.

"Балдырған" шағын орталығының тәрбиешісі

Жаңа заман тәрбиешісі – бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын ситуациядан шыға білетін жақсы психолог. Бұл бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагог дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін шебер маманды айтамыз. Атақты ұлы педагог Амонашвили «Тәрбиеші бұл- өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам» - деп атап өткен. Біз ата-аналармен бірге балаларды тәрбиелей отыра, еліміздің болашағын құрамыз.

Сондықтан тәрбиеші ата-ана алдына талап қоя білетін, баланы ұйымдастырылатын оқу әрекетінде сауатты жүргізетін жақсы маман екенін дәлелдей білу керек. Тәрбиеші тек балаға белгілі бір дағдыларды қарапайым үйретуші, білім элементтерінен түсінік беруші ғана емес, ол баланы сүйеді, олар қуанса бірге қуанады, мұңайса себебін таба білетін маман. Бұның бәрі ата-анамен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарда ата-аналар жиналысында, жеке пікір алысуда, консультацияларда т.б. әр ата-ана баласының сабақтағы жетістіктерімен мінезі ғана емес ол бала қандай ойында кім болып ойнайды, құрдастарымен қарым-қатынасы, мінезіндегі ерешеліктері, жеке даму саласындағы жетістіктерімен кемшіліктері т.б. жөнінде айтылу керек.

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Бала тәрбиесі отбасынан басталады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анадан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандыруы сөзсіз. Ал, бүлдіршіннің тілге, білімге деген қызығушылығы оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері балабақшада қалыптасады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына өшпестей із қадырады. Балабақшаның ең басты мақсаты: «Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету».

Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті ұйымдастырылған оқу әрекетінде пайдалану үшін әр тәрбиеші бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогтың мақсат мүддесіне орай таңдап алады. Балабақшада тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне тәрбиешіге тікелей байланысты. Сол себепті де, мектепке дейінгі білім берудің - баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы әрбір балабақша алдында тұрған басты міндет.

Тәрбиеші – балабақшадағы басты тұлға. Балалар тобындағы психологиялық ахуал, балалардың өзара жарасымды қарым-қатынасы олардың балабақшаға келуінің ынталылығы, көптеген басқа да жәйттер тәрбиеші жұмысына байланысты. Ол ата-аналармен бірге баланың дұрыс өсіп жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін ықпалды тұлға. Мектепке дейінгі мекеме жүйесін қайта құру ісіне педагогтардың қатысуына жағдай жасау үшін шығарымпаздығын, жаңашылдығын, өзін іс жүзінде көрсете алуын қуаттай білуі қажет.

Болашақ ұрпаққа жан-жақты, терең де жарасымды тәрбие берудегі басты тұлға — *тәрбиеші-педагогтар* мен *ата-аналар*. Қазіргі заман талабы ата-ана мен тәрбиешіден баланың жеке басын қалыптастыруды, оның көкірек көзін оятып, ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын бойына сіңіруді, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге баулуды талап етеді. Ол үшін, ең алдымен, тәрбиешінің өзі жан-жақты білімді, ізденгіш, озық тәжірибені бойына жинақтаған, сезімтал, балаға жүрек жылуын бере білетін, оның ішкі дүниесін, жан сезімін аңғара алатын маман болуы керек. Себебі, бала өмірге қажетті дағдыны әуелі отбасында алғанымен, оны әрі қарай тереңдететін, білім мен тәрбиеге баулитын - тәрбиешілер. Тәрбиеші беделін қозғағанда, педагог этикасы туралы айтпай кету мүмкін емес.

Тәрбиеші оқу-тарбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Тәрбиешінің білімділігі - тәрбиешінің өмірге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын терең түсініп, тұрақты болуы үшін ол өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтың алдыңғы қатарлы білімділігі оның өз ісіне сенімімен, іс-әрекетінен, принципінен, жүргізген оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерінен көрініс табады.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін-сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы.

Тәрбиеші үнемі алға талпынып, жас ұрпақ тәрбиесіне белсенді араласуға, балалар арасында беделді болуға міндетті. Онын адамдарға, балаға деген сүйіспеншілігі мол, моральдық жағынан биік болуы, мамандығын жақсы көруі шарт.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі балаларға тәрбие беру және оларды мектепте ойдағыдай оқытуға дайындау ісін жүзеге асырады. Жоғары білімді тәрбиешіге тән қасиет педагогикалық шеберлік, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысу болып табылады.

Тәрбиеші - еңбек ұжымының мүшесі, оның іскерлік және жеке дара қасиеттері сол ұжымда көрінеді. Мектепке дейінгі мекеменің мақсат пен міндет бірлігі арқылы біріккен ынтымақшыл ұжым творчестволық инициативаны дамытуға, тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі, әрбір қызметкердің моральдық бейнесі мен педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал жасайды. Мамандық борышын сезіну, өзінің мәртебелі міндеті мен жауапкершілігін түсіну, творчество, мақсат қоя білу мен табандылық, өз қызметін сын тұрғысынан бағалай білу - нағыз педагог үшін тән. Педагог - азаматтық, принциптілік, жолдас талғағыштық, адалдық пен шыншылдық секілді моральдық биік сапаға ие үлкен мәдениет адамы

07.12.2021 ж. № L00024

Ғажайып білім әлемі

МАКАЖАНОВА КАРЛЫҒАШ АМАНБОЛОВНА

Павлодар қаласы № 50 сәбилер бақшасының тәрбиешісі

Педагогтың аты-жөні	Костюченко Саягүл Елмұратқызы	
Білім беру саласы	Таным	
Бөлім	Математика негіздері	
Тақырыбы	«Ғажайып білім әлемі»	
Мақсаты:	Сандарды санау,салыстыру,геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру.Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	
Сөздік жұмыс	Ғажайып, әлем, буратино	
Көптілді компонент	қызыл-красный-red, көгілдір-голубой-blue	
Ресурстар	Буратино, бау-бақша, жұмбақтар аялдамасы, геометриялық пішіндер.	
Барысы		
ҰОҚ кезендері	Тәрбиешінің қызметі	Тәрбиеленушінің қызметі
Кіріспе бөлім	Балалар қараңдаршы , бізге қонақтар келіпті, қане алдымен сәлемдесіп алайық. Шаттық шеңбер. Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, менің қолымнан не көріп тұрсыңдар? Тәрбиеші: Қане, балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы.	Балалар тәрбиешімен амандасады, жылу жық шеңберінде бір-біріне лебіздерін білдіреді.Шеңберге тұрып қимыл қозғалыс жасайды Балалар: Жүрек

	Тәрбиеші: Балалар сендер бір- біріңнің қолдарыңнан ұстап тұрғанда нені сезесіңдер? Тәрбиеші: Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық.	Балалар: Аспанымыз ашық болсын Күніміз жарқын болсын Еліміз тыныш болсын! Балалар: Жылулықты, мейірімділік ті, достықты.
Негізгі бөлім	Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Күздің қандай айы ? Балалар күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Балалар біздер күзді неге алтын күз, жомарт күз деп атаймыз? Жарайсыңдар балалар , ал қараша айын неге қоңыр күз дейміз? Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, олай болса күз туралы кім тақпақ айтып береді, кім күз туралы тақпақ біледі? Буратино: Сәлеметсіңдер ме балалар Буратино: Балалар осы жер «Ғажайып білім әлемі ме» Тәрбиеші: Жоқ Буратино, бұл жер балабақша. Буратино: Балалар мен алтын кілтімді жоғалтып алдым,кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтінді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне »қалай барсам екен баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме? Тәрбиеші: Еш уайымдама, Буратино. Қане балалар Буратиноға көмектесеміз бе? Тәрбиеші: Олай болса, балалар, Буратиноны	Балалар: Күз мезгілі Қараша айы Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне бастайды. Күзде өсімдіктер, астықтар піседі, көкөніс пен жеміс жидектер көп болады.

	ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» бізде саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба? Тәрбиеші: Балалар саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір- бірімізді сыйлап , тыңдауымыз керек. Балалар қане енді паровозға мініп, жолға шығайық. Тәрбиеші: балалар міне біз 1-ші аялдамаға да келіп қалыппыз Бұл бірінші аялдама: «Жұмбақтар» аялдамасы екен. Бірінші аялдама бізге мынадай тапсырмалар тапсырыпты: Бой жаза алмай, ойнай алмай. Денең мұздап тоңады. Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күз) Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Тырс- тырс тамады, Сайға қарай ағады. (Жаңбыр) 2-ші аялдама «Бау- бақша» аялдамасы. Бау- бақша аялдамасы көкөністер мен жемістерді араластырып қойыпты. Бақшаға барып жемістер мен көкөністерді ажыратыңдар депті. Қане балалар бақшаға барайық. -Ой, балалар алдымызда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтеміз? Аяғымызды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек? Тәрбиеші: Балалар мына жерде орындықтар тұр екен, енді осы орындықтарды рет санымен қойсақ көпір шығады екен. Міне балалар бау- бақшаға да келіп қалдық. Д/О Адамдар сандар Сергіту сәті: Орнымызда тұрамыз, Дөңгелекті құрамыз Қолымызбен шапалақтап, Аяқпенен ұрамыз .	Жаңбыр жиі жауады, ауа-райы салқындайды, жапырақтар жерге түсіп, қурайды. Балалар: Сәлеметсіз бе, Буратино Балалар: Иә, көмектесеміз
--	---	--

	3-ші аялдама «Пішіндер» аялдамасы Балаларға әр түрлі түсті пішіндер беріледі. Пішіндерді құрастыру. Дидактикалық ойын: Көлеңкесін тап Буратино : -Алақай, алақай менің кілтім табылды. (Қақпаның аузында, Буратиноның алтын кілті тұрады.) Қақпаның үстіңгі жағында «Ғажайып білім әлемі» деген жазуы бар. Тәрбиеші : Балалар қараңдаршы біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер балалар. «Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтін табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Мен осындай «Балбөбек» балабақшасының тапқыр, ақылды, білімді балаларының барына қуанып тұрмын. Тәрбиеші: Міне балалар Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды, тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер. Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.	Балалар: Көпір керек Балалар жемістерді талға іледі, көкөністерді жерге отырғызады.
Қорытынды бөлім	Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Сендер саяхатқа қайда бардыңдар? Біздер кімге көмектестік? Өте жақсы балалар, енді қол ұстасып, бір-біріміздің жүрек жылуымызды сезініп, бүгінгі саяхатымызды аяқтай отырып, қонақтар мен қоштасайық Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы, Сау- саламат болайық. Сау болыңыздар!	Ия ұнады. Қуанады.

08.12.2021 ж. № L00044

Тәрбиеші болу бақыт

ТАСТЕМБЕКОВА АЙГУЛЬ АМАНГЕЛЬДИНОВНА

Павлодар қаласы № 50 сәбилер бақшасының тәрбиешісі

Балалар – біздің болашағымыз, егемен еліміздің ертеңі. Осы келешек ұрпақтың ойы озық, білімі терең, тәлім-тәрбиесі жоғары болуы үшін мемлекетіміз ерекше көңіл бөлуде. Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші балаларды адам мәдениетінің әлеміне, күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастардың әлеміне ертетін үлкендердің бірі. Мен балабақшада он екі жыл еңбек етудемін, бұл еңбектен жалыққан емеспін. Ұжымымның өмірінде таңғажайып қызықтар бастан өтіп жатады. Бірақ, бәрінен де жарқ етіп, есте қалғаны – біздің бірінші кездесуіміз.

Балабақша есігін ашқанымда – «Бақытты балалық шақ» әлеміне түскенімді түсіндім. Әр мамандықтың өз қиындығы, өз қызығы бар. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де, қызықты да. Балаларды ана тілінде әдемі сөйлету, олардың ой-сезімдерін анық, еркін, көркем жеткізе алуға баулу, танымдық қабілеттерін дамыту – тәрбиешінің мақсаттарының бірі. Ұстаз – киелі мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылыми негіздерінен мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету – өте қиын шаруа. Тәрбиеші күн сайын ерлікке пара-пар жұмыс жасайды. Менің кәсібіме, еңбек іс-әрекетіме деген көзқарастың қалыптасуына әріптес ұстаздарымның рөлі ерекше. Әр таңда өз кішкентай достарымды асыға күтемін, олардың әрқайсысы бүгін қандай көңіл күймен келетінін ойлаймын. Кішкентай адамның көкірегі ашық, жүрегі жұмсақ, ол маған сенеді. Бұл сондай жауапкершілік! Таңғажайып балалар әлемін тереңірек танып, өз өмір тәжірибемнің, мейірімнің дәндерін қондыру – менің жұмысымның мәні. Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала, ешнәрсеге де алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңіл балаларыммен ара-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды, себебі мен оларға, олар маған керектігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы – әр педагогтың бақыты деп ойлаймын. Таңғажайып балалар әлемімен тереңірек танысып, өз өмір тәжірибемнің мейірімінің дәндерін қондыру - менің жұмысымның мәні.

Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге

алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақаныма қойып, өз құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қажетігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы - әр тәрбиешінің бақыты. Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып көрсетіп қана қоймай, бар жүрегімен және жан - тәнімен сезіне білуі қажет. Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Француз ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» деген. Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамыта білетіндей, баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта –жігері артары сөзсіз деп білемін. Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала ролде өзі ойнаса сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойындағы асыл қасиет – ақыл-парасат болуы шарт. Баланың ішкі жан дүниесіне жол тартқан тәрбиеші ең нәзік те мөлдір, алайда, сонымен қоса, ең күрделі де жұмбақ әлемге енеді. Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін, тәрбиешілік жұмыс тәрбиешінің бойынан – жігерлілік пен еңбекқорлықты қажет ететінін айқын аңғардым. Балалар - өмір гүлі. Ал гүлдер ешқандай жасандылықсыз, шынайылықпен баптағанда ғана өседі. Сәбилерді осылайша шығармашылығын дамыта отырып, қазіргі заманғы педагогикалық теориямен практиканы басшылыққа алып, жұмыс жасаудамын.

Педагогикалық озық технологияларды сабақ барысында пайдаланып, балалардың шығармашылығын дамытуға ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырдым. Сондықтан бала жүрегіне жылылық ұялатып, қабілетімен дарынын ашу әр тәрбиешінің алдына қойылған ең басты міндеті деп түсіндім. Балабақшадағы әрбір ісімізді еліміздің ертеңі, болашағы үшін арнау өзіміздің басты парызымыз деп санаймыз. Осы шеберлік пен шыдамдылықты қажет ететін күрделі үрдісте дер кезінде алынған мектепке дейінгі білімнің әрбір бала үшін, сонымен қатар еліміздің болашағы үшін өмірлік маңызы зор. Сондықтан, біздің бүгінгі міндетіміз – әлемге танылып отырған, Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашақ бастауы болатын бүлдіршіндерімізді саналы азамат етіп тәрбиелеу.

07.12.2021 ж. № L00026

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

АХМЕТОВА БАГИЛА БАЙМЕНОВНА

Алматы облысы, Талғар ауданы, Еркін ауылы «№26 ЖББОМ»

Бастауыш сынып мұғалімі

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым - қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің

алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан**

Момышұлы “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық техногиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс.

В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады.

Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің ,интернеттің тіліне айналды.Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды », - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жана серпін беріп отыр.Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек,онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретамыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары » атты қауымдастық құрып,биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары»тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де

тәжірибе алмасып жүреміз.«Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар» Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз- Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..

07.12.2021 ж. № L00027

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АЛМАС КАЛДАРБЕКОВИЧ

*Түркістан облысы Түлкібас ауданы адами әлеуетті
дамыту бөлімінің "Ұрбұлақ" жалпы орта мектебінің директоры*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін

білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:
- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді,

оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

08.12.2021 ж. № L00047

Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі

ДЮСЕНБАЕВА АМИНА АБИЛКАЙРОВНА

Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылы,

«Ақбота» сәбилер бақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез — құлқына, әдебіне, іс — әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.
- іс — әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс — әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім — тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көзеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата — аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата — аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай — ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата — аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ — жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата — аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс — тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша

арасындағы қарым — қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата — аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс — шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтер, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата — аналар бір — бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніміз, ата — ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата — анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым — қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір — бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата — аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелігінің диагностикалық зерттеу графигін құрып, ата — ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырдық. Ата — ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс — әрекеттерге ата — аналар қатыстырылды.

Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата — аналарға бағыттау, әдіс — тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім — тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке — жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата — аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата — ана бала тәрбиесінің мақсат — міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата — аналарды оқу — тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата — аналармен педагогикалық — психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата — аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:

— ата — аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру

— ата — аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
— бала тәрбиесіне ата — аналарды белсенді қалыптастыру.

Бұл жұмыстардан мынадай нәтиже күтуге болады.

1. Ата – аналар тарапына туындайтын белсенділік, қызығушылық.
2. Жауапкершілік және өздік жұмыс.
3. Мақсатқа жету деңгейі, тиімділігі, қанағаттылық.
4. Отбасының мектепке дейінгі мекемеге қосатын үлесі.
5. Алынған білімді қолдану, бала тәрбиесіне қатысты қолданылатын технологиялар.

Міне, біздер — тәрбиешілер, ата — аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне, оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап, тәрбие жұмысының тиімді әдіс — тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын, еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз — заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан — жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

08.12.2021 ж. № L00049

Жас ұрпақты адамгершілікке баулу жолдары

ИСКЕНДИРОВА ГУЛНАЗАТ ЖУМАШЕВНА

Алматы қаласы № 4 Н.Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты тәрбиеші

Жаңа кезеңде білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып отыр. Бұрынғы кезде білім беру саласында білімнің сапасына үлкен мән берілсе, бүгінгі күні білім сапасымен бірге оқушының рухани, ішкі дүниесіне де көңіл бөлінуде. Сабақ барысында ұсынылып отырған тақырыбымыздың бірі - адамгершілікке баулу. Баланың бойына жалпы адамзаттық қасиеттерді сіңіру – өміріміздің мәні, сәні, салтанаты, мархабаты, мәртебесі. Өйткені, баланың әдепті өсуі, ұядан көрген тәрбиесімен қоса, мектептен алған тәрбиесіне де байланысты.

Жаңа кезеңде білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып отыр. Бұрынғы кезде білім беру саласында білімнің сапасына үлкен мән берілсе, бүгінгі күні білім сапасымен бірге оқушының рухани, ішкі дүниесіне де көңіл бөлінуде. Сабақ барысында ұсынылып отырған тақырыбымыздың бірі - адамгершілікке баулу. Баланың бойына жалпы адамзаттық қасиеттерді сіңіру – өміріміздің мәні, сәні, салтанаты, мархабаты, мәртебесі. Өйткені, баланың әдепті өсуі, ұядан көрген тәрбиесімен қоса, мектептен алған тәрбиесіне де байланысты.

Халықтың әріден келе жатқан тәлім-тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізіп отырған жандардың бірі - тәрбиешілер қауымы. Мектеп-интернатымыздың балалары көп уақытын үйден тыс, яғни мектепте өткізеді, сондықтан да зағип жанды балаларымызды ізгілік, кішіпейілділік, адамгершілік қасиеттерге баулитынымыз анық. Жақсы-жаман әрекеттерді ажырата білуге үйретеміз. Мектеп-интернатымыздағы мүмкіндігі шектеулі балаларымызды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогиканы, қашан да халық тәрбиесін үлгі етіп ұстаймыз. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы - осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаларымыздың бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз.

Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Өйткені, адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Зағип жанды балаларымыздың мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін құдіретті қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде алдыма қойған мақсатымыздың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола

білетін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. “Біз тәрбиелеп отырған ұлдарымыз бен қыздарымыздың өмірі жарқын, болашағы айқын болсын!” дегім келеді. “Біздің мәпелеген талымыз түзу өссін!” - деп, ақын ағаларымыздың өлеңдерімен қорытындылаймын:

Адам бол, адам,

Адам бол, адам!

Адам - әлем бөлшегі,

Адам бол, адам!

Сұлу бол, адам,

Жылу бол, адам!

Биікте бол, адам,

Сүйікті бол, адам!

(Ж.Молдағалиев).

Адам - ғалам ғажайып, жеке-дара,

Жан құмары ізденген мәңгі сана.

Өзіңді-өзің танысаң, істің басы,

Түзеген өз ғаламын болған дана.

(Ақжан Әл-Машани).

Иә, асыл қасиетті бойға дарыту үшін ең әуелі өзіңді-өзің тани біл, шәкірт!

08.12.2021 ж.

№ L00050

Аммиак молекуласының моделі

ШӘКІРБЕКОВА АҚБОТА БАЗАРБАЙҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы № 51 мектеп-гимназия химия пәнінің мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: (VII), (VI), (VI), (IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары Күні: Сынып: 9	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Аммиак №12 зертханалық жұмыс. «Аммиак молекуласының моделі»
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасы на сілтеме)	9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру; 9.2.1.21 аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын жазады; Оқушылардың басым бөлігі: Аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын біледі; Кейбір оқушылар: Аммиактың химиялық қасиеттеріне теңдеулер жазады, есептер құрастырады.
Бағалау критерийі	Аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын жазады; Аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын біледі; Аммиакқа қажетті теңдеулерін жазып, есептер құрастырады.
Тілдік мақсаттар	Термин сөздер: Габер процесі. Аммиакты су. Мүсәтір спирті. Аммиак газ. Аммиак көрсетеді.
Құндылықтарға баулу	Оқушылардың сыни және шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оларды жеке және топпен жұмыс жасауға дағдыландыру

Пәнаралық байланыс	Геометрия (модель салуда) Көркем еңбек (модель жасауда)	
Алдыңғы білім	7.1.2.3 металдар мен бейметалдарды физикалық қасиеттері бойынша ажырату; 7.1.2.4 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурс
Сабақтың басы	I Ұйымдастыру кезеңі: 1.Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. («Шаттық шеңбері» әдісі. Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.) 2.Ұй тапсырмасын сұрау (оқушыларды «Санамақ» ойыны арқылы үш топқа біріктіріліп сұралады, 1 топ-«Шар» тобы; 2 топ-«Стержень» тобы; 3 топ-«Модель»). «Пазл» әдісі (ойлау дағдыларын дамытады; шапшаңдыққа үйретеді). Айналымдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін реакция теңдеулерін жазып, X, Y заттарын анықтаңдар: $\text{N}_2 \rightarrow \text{NH}_3 \rightarrow \text{X} \rightarrow \text{Y} \rightarrow \text{HNO}_3 \rightarrow \text{AgNO}_3$ Дескриптор: -генетикалық байланысты шығарады; -белгісіз x,y заттарын табады; -шыққан өнімдердің атауларын атайды. Кері байланыс («Мен күткен жауап»; «Рахмет, жарайсың, сен сұраққа толық жауап бердің»; мұғалімнің жазбаша ескертпесі, түсіндірмелері). ҚБ. (Смайликтер арқылы бағаланады).	Плакат, түсті маркерлер

Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмелері: («Құрастыру» әдісі)	
------------------------	---	--



Аммиак.

Құрылысы. Азоттың сыртқы энергетикалық қабатында бес электрон бар және оның үшеуі дара. Сол дара электрондар аммиак NH_3 молекуласын түзуге қатысады.


Ортақ үш электрон жұбы электртерістілігі жоғары азот атомына қарай ығысады. Молекула пирамида пішінді.



Физикалық қасиеттері. Аммиак-суда өте жақсы еритін, өткір иісі бар түссіз газ. Бөлме температурасында бір литр суда 700 литр аммиак ериді. Бұл ерітінді аммиак суы немесе мүсәтір деп аталады.

Алынуы.

Зертханада аммиак алу үшін аммоний алу үшін аммоний тұздарына күшті сілтілерді қосады:



Өндірісте аммиак алу үшін сутекке азотпен тікелей әсер етеді:



Шарттары:

Өршіткі-кеуекті темір;

температура-450-500⁰С;


қысым-25-30 МПа;

Ермексаз,
флипчарт,
түрлі-түсті
қаламдар,
шар
стержіндер


Бұл Габер процесі деп аталады (неміс физигі осы әдістің физикалық-химиялық негізін ойлап тапты).

Химиялық қасиеттері.


Егер аммиак ерітіндісіне бірнеше тамшы фенолфталеин тамызса, таңқурай түс пайда болады, яғни сілтілік орта көрсетеді:



Аммиак пен ауаның қоспасының қопарылу қаупі бар. Бірақ аммиак тек таза оттеkte ашық жасыл түспен жанады:



Платина өршіткісін қолданғанда азот (II) оксиді NO түзіледі:




Қолданылуы.

Төмен қысымда (7-8 атм) аммиак сұйықтыққа оңай айналады. Сұйық аммиакты буландыру кезінде көп мөлшерде жылу сіңірілетіндіктен, сұйық аммиак түрлі суытатын құрылғыларда қолданылады.

Аммиактың суық ерітінділері медицинада және күнделікті өмірде қолданылады. Бірақ өнеркәсіпте өндірілген аммиактың көп бөлігі азот қышқылын, сондай-ақ басқа азотты қосылыстарды өндіруге жұмсалады. Олардың ең маңыздысы-азотты тыңайтқыштар, аммоний сульфаты, аммоний нитраты және несепнәр.



Зертханалық тәжірибеде қолданылатын қауіпсіздік техника ережелері:

	1. Үшкір заттармен жұмыс жасағанда абай болу; 2. Топтық жұмыс жасағанда құрал-жабдықтарды шатастырмау; 3. Топтық жұмыс жасау ережесін сақтау. №12 зерханалық жұмыс «Аммиак молекуласының моделі» Алдымен аммиактың құрылымдық формуласын құрастырыңдар. Молекулалардың сфералық модельдерін құрастыруға арналған жиынтықтан екі түсті шар алыңдар. Шарлардың аммиак молекуласы үлгілерін жасандар. Аммиак молекуласындағы атомдар арасындағы химиялық байланыстардың санына назар аударыңдар. 3 топқа үш түрлі тапсырма береміз. 1 топқа: ермексаздан аммиактың моделін жасау. 2 топқа: плакатқа аммиактың моделін салу. 3 топқа: шар стерженьді модельдерден аммиактың моделін құрастыру.  Дескриптор: - ермексаздан аммиактың моделін жасайды; - плакатқа аммиактың моделін салады; - шар стержінді модельдерден аммиактың моделін құрастырады. Кері байланыс («Өте жақсы»; «Рахмет, бәрі дұрыс»; мұғалімнің жазбаша ескертпесі, түсіндірмелері). ҚБ. («Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады).	
Сабақтың соңы	1-тапсырма. «Интервью» әдісі арқылы сабақты бекітеміз: 1. Аммиактың құрылысы қандай? 2. Аммиак қандай физикалық қасиеттерге ие?	

	3. Аммоний ионына қандай сапалық реакция тән? 4. Аммиак Жер атмосферасында кездесе ме? 5. Аммиакқа тотықтырғыш, тотықсыздандырғыш қасиеттің қайсысы тән? 6. Аммақтың күкірт қышқылымен әрекеттесу теңдеуін жазып, өнімді атаңдар. 7. Аммиак оттеkte өршіткі қатысында және қатысынсыз жанғанда қандай өнімдер түзіледі? 8. Аммиакты қандай мақсаттарда пайдаланады? 9. Қандай процестер нәтижесінде аммиак Жер атмосферасына енеді? 10. Қандай ғаламшарлардың атмосферасында аммиак болады? 2-тапсырма. («Сандар сөйлейді» әдісі) Массасы 100 г 20%-дық күкірт қышқылы арқылы қанша көлем (қ.ж.) аммиакты өткізгенде: а) аммоний гидросульфаты; ә) аммоний сульфаты түзіледі? (Жауабы: а) $V(NH_3)=4.48$ л; ә) $V(NH_3)=8.96$ л) Дескриптор: -есептің шартын құрастырады; -реакция теңдеуін жазып, теңестіреді; -формулаға сәйкес есепті шығарып аяқтайды. Бағалау («2 тілек, 1 жұлдыз» әдісі арқылы бағаланады) Үйге тапсырма: қайталау Кері байланыс «Алма ағашы»	
Саралау-Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
А-деңгейі: Аммиактың құрылысы қандай және аммиак қандай физикалық қасиеттерге ие? В-деңгейі: $NH_3+H_2O \rightarrow$ $NH_4Cl+NaOH \rightarrow$ $NH_3+O_2 \rightarrow$	1-тапсырма: «Смайликтер» 2-тапсырма: «Бас бармақ» әдісі 3-тапсырма: «2 тілек, 1 жұлдыз» әдісі	1. Үшкір заттармен жұмыс жасағанда абай болу; 2. Топтық жұмыс жасағанда құрал-жабдықтарды шатастырмау;

С-деңгейі:Көлем 5 л аммиак пен 15 л хлорсутекті араластырды. Қай зат артық қалды? Ол заттың массасы қандай?	Кері байланыс «Алма ағашы»	3.Топтық жұмыс жасау ережесін сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия <i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</i> <i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?</i> <i>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i>		
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекеленген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?		

08.12.2021 ж. № L00051

Химия сабағында дарынды оқушылардың шығармашылығын дамыту

СУЛЕЙМЕНОВА БАГИРА ТОЛЕГЕНОВНА

*Туркістан облысы, Ордабасы ауданы, Ақбұлақ ауылы,
"Ақбұлақ" жалпы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі*

Қазіргі жаһандану заманында белсенді, құзыретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу - алға қойған басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру әсіресе оқу, білім саласында қызмет атқаратын жандар - ұстаздар үшін ең маңызды мәселе. Оқу-білім қуып келген жас жеткіншектердің арасынан талантты да дарынды, ерекше қабілетті балаларды таңдап алу, олармен тікелей жұмыс жүргізу – осы мәселенің бір шешімі болып табылады. Олай болса, әр ұстаз өз оқушыларының арасынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болар дарын иелерін анықтай алуы қажет. Ол үшін «Дарындылық» деген не? «Дарынды балалар қандай болады?» деген сұрақтарға жауап іздестіріп көрелік.

Қазіргі кезде дарындылық ұғымына байланысты түрлі анықтамалар бар. Мысалы, американдық педагог Дж.Рензулли дарындылыққа мынадай анықтама береді: «Дарындылық – үш сипаттаманың үйлесуінің нәтижесі: орта деңгейден арттыратын интеллектуалды қабілеттілік, шығармашылық тәсіл және тапсырма орындауға жоғары себеппен және табандылықпен қызығу». С.Л.Рубинштейннің, Б.М.Теплованың еңбектерінде дарындылық, қабілеттілік ұғымдары бір негізде топтастырылған. В.Д.Щадриков «дарындылықты қабілеттердің іс-әрекеттегі толық көрінісі» - деп те тұжырымдайды. «Дарындылық» деген ұғым «дарын» деген сөзден туған. Педагогикалық анықтамаға сүйенетін болсақ, «Дарындылық – адам қабілеті дамуының жоғары дәрежесі» делінген. 1992 жылы АҚШ-тағы Білім комитеті дарындылық жайлы мынадай анықтама жасайды: дарынды және талантты бала деп, іс-әрекеттің (интеллектуалдық, академиялық, шығармашылық пен продуктивтік ойлау, қарым-қатынас және озаттық, суретшілік, психологиялық) өрістерінің бір немесе бірнеше түрінде ерекше, күшті қабілет көрсете алатын, жоғары жетістікке жете алатын бала аталады.

Дарынды балалармен жұмыс істемес бұрын оларды топ ішінен анықтап алуымыз қажет. Олардың дарындылық белгілері қандай? Олар жаңа ақпаратты іздестіруге, берілген тапсырмалардың басқа да тривиалды емес жауаптарын іздеуге әрдайым талпынып отырады. Олар – көшбасшы. Мұндай балалармен жұмыс істеуде өте абай болу қажет. Себебі, өздеріне көп көңіл бөлінетіндіктен олар өздерін басқа оқушылардан артық санауы әбден мүмкін.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізу үшін:

Біріншіден, талантты балаларға әрдайым жаңа, күрделі тапсырмаларды беріп отыру қажет, өйткені олардың пәнге деген қызығушылығы төмендейді.

Сондықтан, оларды оқыту жүйесі дәстүрлі оқыту жүйесінен ерекшеленіп отыруы тиіс. Олар ғылыми, энциклопедиялық әдебиеттермен, күрделі сөзжұмбақтармен жұмыс істейді, қызықты тапсырмаларды шешеді, химиялық тәжірибелерді орындайды, арнайы қосымша сабақтарға қатысады. Дарынды балалармен жұмысты жүйелі түрде жүргізген жөн. Берілген тапсырмалардың шешімін баланың ӨЗІ тапса күтілетін нәтиже мол болмақ.

Екіншіден, дарынды баланың өз қабілеттіліктерін көпшілік жерде қысылмай көрсетуі үшін оның бойында көшбасшылық қасиеттерді дамыту қажет. Осы мақсатты іске асыру үшін сабақ барысында рольдік ойындар, брейн-рингтер, викториналық сұрақтар, интеллектуалды ойындар жүргізіліп отырғаны дұрыс.

Дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін жоғары дәрежеде дамыту үшін химия пәні бойынша барнайы бағдарламалар, элективті курстар жоспары жасалу керек. Дарынды бала дәстүрлі түрде жүргізілетін сабақтармен қатар, қосымша материалдармен қамтылуы тиіс. Ондай материалдар баланың білімін жоғарылататын күрделі мазмұнды болу керек. Жұмысты жүргізудің әдістері мен формалары. Дарынды оқушыларды оқытуға шығармашылық қабілеттерді дамытатын – проблемалық, эврикалық, зерттеушілік, шағын топтарда жүргізілетін жобалық әдістер жатады. Даралық қабілеттерді ашатын, оқушының өзіндік идеяларын көрсете алатын технологиялардың қатарына проблемалық оқыту, жобалау технологиялары және шағын топтарда оқыту әдісі жатады.

1. Проблемалық оқыту технологиясы. Бұл технологияны қолдану арқылы біз төмендегідей мақсаттарға қол жеткіземіз:

логикалық, ғылыми, шығармашылық ойлауды үйрету;

- оқушыларда тек білімді қалыптастырмай, оқу материалын дәлелді және сенімді етіп жасау, ғылыми, диалектикалық-материалистік дүниетаным қалыптастыруға негізделген білім беру;
- білімнің беріктігін қалыптастыруға ықпал ету, өйткені оқушылардың өзі тапқан ақпараттары есте жақсы сақталады;

- оқушының эмоциялық өрісіне әсер ету, яғни оларға өз күшінің сенімділігіне, ойлау іс-әрекетінің күрделілігіне қанағаттандыру сияқты сенімдер қалыптастыру;
- ізденіс және зерттеушілік іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
- оқушының білуге ұмтылу ынтасына мән бере отырып, оның ілімге деген танымын қалыптастырып, қызығушылығын арттыру.

Оқушылар өз бетінше іздеу этаптарын белгілейді, әр түрлі болжамдар айтады, проблеманы шешудің әр түрлі гипотезасын ұсынады. Мысалы:

Аминқышқылы ерітіндісі бейтарап орта беретінін түсіндіру. Оқушылар аминқышқылының екі жақты қасиет көрсететінін яғни карбоксил тобы қышқылдық, ал амин тобы негіздік қасиет беретінін түсіндіреді. Әңгімелесу барысында мұғалім оқушыларды карбон қышқылының протоны амн тобына көшетінін айтуға итермелейді, сөйтіп оның амфотерлі екенін және биполярлы ион екенін ашып көрсетеді.

2. Шағын топта оқыту әдісі. Бұл әдіс семинар сабақтарда жиі қолданылады. Әдістің негізі – сыныпты 3-4 кіші топтарға бөліп оқыту. Ол топтардағы оқушылардың саны 5-7 адамнан аспауы тиіс, себебі оқушылар саны аз болған сайын олардың бір-бірімен қарым-қатынасы күшейе түспек. Әр топ берілген тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз жауаптарын жоспарлайды, дәлелдеуге тырысады, толықтырады. Бұл әдіс дарынды оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың көбірек ойлануларына жол ашады.

3. Жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту - жеке тұлғаға бағдарланған оқыту. Бұл технология оқушылардың берілген тапсырманы жобалау, зерттеу барысында өзінің және басқаның тәжірибесінен үйрену, сабақ алуға негізделген. Ғылыми жобаны жасау барысында оқушылар көп нәрсеге өзі көз жеткізеді. Яғни, бұл оқушылардың танымдық қасиеттерін арттырудың, өз еібектерінің нәтижесіне толығымен қанағаттанып, оқудағы жетістіктерін сезінудің бірден-бір жолы болып табылады. Жобалардың тақырыбы мынадай болуы мүмкін: «Ауыз су проблемасы», «Темекінің ағзадағы бос-радикалды тотығу реакциясына әсері», «Адам ағзасында қышқылдық-негіздік балансты сақтау».

4. Элективті курстар. Бұл - сабақты ұйымдастыру формаларының бірі. Мұнда дарынды оқушылар өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізуге, мектеп бағдарламасының кейбір бөліктерін тереңдетіп оқуына, өз қызығушылықтары бойынша білімді игеруге мүмкіндік алады. Курстың ерекшелігі сонда оның мазмұнын сабақта қарастырылмайтын кейбір тақырыптар құрайды және ол

тақырыптар қосымша материалдарды қажет етеді, сондықтан оқушылар бұл материалдармен жұмыс жасау барысында өз бетімен ізденеді, мұғалімнің берген ақпаратына қосымша ақпарат көздерін жинайды. Яғни бұл әдіс арқылы дарынды оқушылардың шығармашылығы арта түспек. Мысалы, «Химия тұрмыста», «Химия ауыл-шаруашылығында», «Химиялық элементтер адам ағзасында».

Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пәнаралық байланысты нығайту қажет. Тарауды қайталау, қорытындылау кезінде «қайталау-оқу анасы» деген нақыл сөздерді қолданып, тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін сәйкестендіру кестесін толтырғызып, сабақты бекітемін. Әртарауды өткенсоң, химиялық диктант, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған студенттермен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқужұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды. Тестік тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне байланысты құрастырып, нәтижесін кілтімен тексертіп өздеріне бағалатамын. Оқушы білімін бағалауға оқушылардың жауап беру мүмкіндігі мен өзбетінше іздену дағдысын ескеріп, оқушы қабілетіне, қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай сараптап тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктерін ескеремін. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын.

XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға

итеріп, нәтижесінде

- өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.
- Егер Жаңа ақпараттық технологияны химия сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.
- Жаңа ақпараттық технологияны қолданса әрбір оқушы оқу процесінің субъектісіне айналуы нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны, білім сапасы артады.
- Жаңа ақпараттық технологияны тиімсіз пайдаланғанда, қажетті талаптарды сақтамаса оқушының білім сапасына танымды белсенділігі мен денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін. Егемен еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында десек, неге оларды заман талабына сай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатпасқа. Оқытушы қауым химияны оқыту әдістерінде жаңа ақпараттық технологияның тиімді жағын пайдаланады деген оймен сөзімді аяқтаймын.

Қорытынды.

Келешек жастардың қолында! Еліміздің болашағы жарқын болу үшін тәрбиелі, білімді, құзыретті, бәсекеге қабілетті жас жеткіншектерді қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз. Ендеше, сол мақсатты тізгінге ала отырып, оқушылардың арасынан ерекше қабілетке ие, дарынды балаларды іріктеп алып, олармен жоспарлы түрде жұмыс жасалуы қажет. Әрине, егер оң нәтижелер көрсетіліп жатса, ол нұр үстіне нұр болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.[Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Жексенбаева Ү.Б];

2.[Құрманалиев М.Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар.-Алматы.-2010];

06.12.2021 ж. ж № L00014

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ТАНАТАРОВ НАЗАР ГАЗИЗБЕКОВИЧ

Алматы қаласы Алатау ауданы «№151 ЖББМ»КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында ең басты мақсат ретінде «ұлттық және жалпы адамзат құндылықтарының, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның қалыптасуы, дамуы және кәсіби дамуы» алға қойылған. Өсіп келе жатырған ұрпақтаң ұлттық сана-сезімін қалыптастыру арқылы мемлекеттік біртұтастықты қорғауға бағытталған білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін құрудың қажеттілігі туындады.

«Сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, анамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім»-деген екен қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график–суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеев.

Осы орайда бейнелеу өнерімен айналысу – жас жеткіншектердің рухани дамуына өте қажетті факторлардың бірі және бірегейі деп білуіміз керек. Себебі, бұл өнер бағыты оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытуға көмектесетіні анық. Шығармашылықпен ойлау, қиялдау, көркемөнер қабілетін, қоршаған ортаны сезіну, эстетикалық қарым қатынасын жетілдіреді [1,3 б.]. Бейнелеу өнері жас ұрпақтың дамуына өте зор мүмкіндік туғызады. Бұл орайда айтар болсақ сурет салудың орны ерекше. Сурет салу бейнелердің, заттардың формасын талдауға және оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниетанымның өсуіне жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері адамның көру жадысын, кеңістікті ойлауын дамытып, образды елестету қабілетін арттыруда зор үлесі бар. Өйткені ол нақты есептеуге, табиғат әсемдігін тануға үйретеді, ойлау мен сезу икемділігін арттырады [2, 23-24 бб.]. Бейнелеу өнері сабақтары өздерінің оқу–тәрбие жұмыстары бойынша да, түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: затқа қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, өнер туралы әңгіме. Затқа (натура) қарап сурет салу, сурет және кескіндеме (живопись) жұмыстарымен айналысуды көздейді, сәндік сурет салу – ою–өрнектерді көркем конструкциялау, ою –өрнек элементтерін құрастыру және т.б. жұмыстарын қарастырады [2,23-24 бб.]. Өнер туралы әңгімеде оқушылар кескіндеме, графика, мүсін, сәулет ескерткіштерімен және сәндік қолданбалы өнер, өнер шығармаларының тарихымен танысады. Бұл аталған әрбір бағыт,

бөлім жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымына, жан–жақты дамуына ықпал етеді [2,23-24 бб.].

Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру саласы заман талабына сай білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым –қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістері жаңа оқыту технологияларын ендірумен алмасуда [1,3 б.]. Осы орайда жаңартылған білім беру бағытында түрлі педагогикалық жүйелермен оқыту технологияларын салыстырмалы түрде сынақтан өткізу, зерттеу, талдау, іс-тәжірибеде қолдану жүргізілуде[1,3 б.].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің қазіргі даму бағыты жалпы білім беретін мектептерде жас жеткіншектерді нарықтық заман талаптары мен мәдениеттің даму деңгейіне сай дайындауды қажет етеді. Жалпы білім беретін орта мектептерде барлық оқу пәндерін оқыту, жеке пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздің болашақ азаматтарын дайындау мен тәрбиелеу мақсатын қояды. Сондықтан бейнелеу өнері, технология пәндері жас ұрпақтарды іс –әрекетке және іс –әрекет технологиясын түсінуге бағытталуы тиіс [2,23-24 бб.].

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда жаңартылған білім беру жүйесі оңтайлы шешімдердің бірі. Бірақ жалпы жаһандану процесінен қалып қоймайық деп жүріп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Керісінше, ата-бабамыздан қалған мұраны дамытуымыз және өркендетуіміз басты парызымыз. Ол үшін өнер бағытында жұмыс жасауды басты бағдарға алуымыз қажет. Қазақ елінің қазақ ауыз әдебиетінде «Көркемсөз» өте жақсы дамыған. Көркемсөз деп аты өзі айтып тұрғандай көркемдеу және суреттеу деген мағыналарды білдіреді. Оқушылардың тіл байлығының өсуіне, сөздік қорының ұлғайуына бейнелеу өнері пәні зор үлес қосатыны анық. Осы тұста бейнелеу өнері пәнінің қазақ тілі және әдебиеті пәндерімен пәнаралық байланыста екенін жақсы аңғарамыз.

Бейнелеу өнері тарих пәнімен де тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі атақты суретшілер мен мүсіншілер өнер туындылары арқылы өздері өмір сүрген дәуірден, ғасырдан тарихи оқиғалар туралы сыр шерткізетіндей. Нақты тарихи дереккөздерді де суреттер мен мүсіндерден табуға болатынын білеміз.

Білім саласындағы кез келген пән-қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Бүгінгі таңда көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнері, технология пәндерін жалпы білім беретін пәндер емес, олар арнаулы пәндер деп қарастыратынын көріп жүрміз. Әрине, бұл дұрыс емес, қате түсінік деуге болады. Жалпы білім беретін мектептер физиктерді, математиктерді,

биохимиктерді, ақын-жазушыларды, композиторларды дайындамайтыны сияқты кәсіби суретшілерді де дайындамайды. Жоғарыда аталған маман иелері арнаулы оқу орындарында дайындалатыны бәрімізге мәлім. Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке –жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан–жақты дамуына ықпал етуге тиіс [2,23-24 бб.]. Бірақ өздеріңізге белгілі бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептер жаратылыстану немесе гуманитарлық бағыттарында жүйелі түрде білім беруде. Байқап қарасақ, өнер бағытындағы пәндер екінші сатыға ысырылып, кейінге қойылғандай. Оған дәлел ретінде соңғы жылдарда бейнелеу өнері және технология пәндері біріктіріліп, жалпы білім беретін мектептерге «Көркем еңбек» пәні кіріктірілген пән ретінде.

«Көркем еңбек» пәні бағдарламасы:

- өнер түрлерін кіріктіру арқылы пәндік білімдерін, дағдылары мен түсінігін дамытуға;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнерінің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- көркем-шығармашылық пен кеңістік ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыруға;
- еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының дамуы мен алғашқы технологиялық білімдердің қалыптасуына;
- сенсориканың, қолдың моторикасының, байқағыштықтың, елестетудің, қиял мен шығармашылықтың дамуына;
- оқушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдаудың дамуы, көркем жұмыстарды сын тұрғысынан түсінуі үшін өнер жанрлары, стильдері туралы білімдерін қолдану;
- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптастыруға;
- өзінің көркем жұмысын орындау үшін, ақпараттың әртүрімен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;
- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге *бағытталған*;

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру эстетика пәндері мұғалімдерінің алдарына қоятын мақсаттар мен міндеттеріне өте жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Оқушыларға білім, білік және кәсіптік бағдар беру барысында

мұғалім әр оқушының алдында оның келешегіне шын мәнінде жауапты екендігін сезіну қажет. Осы үлкен міндетті атқару үшін пән мұғалімінің өзі білімді, мәдениетті, жаңашыл болуы қажет деп ойлаймын. Бұл жаңашылдықтың берері мол. «Меніңше, білім беру аясындағы бейнелеу өнерінің басты құндылығы оның адамның тәжірибесін байытып, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға қосатын үлесінде. «Көркем еңбек» пәні адам санасының білімнің басқа салалары қамтымайтын қырларына қатысты: визуалды нысанды эстетикалық қабылдау».

Осы орайда «Мәңгілік–Ел!», «Рухани жаңғыру!» бағдарламаларының іске асырылуы қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты-мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігімен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс –тіршіліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, жөн сілтеу, ата-бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау - баршамыздың парызымыз. Себебі ұлттың – ұлт екенін дәлелдейтін айшықтар, олар қол өнер мен сәндік қолданбалы өнері. Бұл өнерлердің бейнелеу өнерінен бастау алатынын білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР: 1. Қошқарбеков Н.Қ. Бейнелеу өнері сабақтарының жаңа технологиялық мазмұны. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010 ж.

2. Жаңаша оқыту жолында// Республикалық ғылыми –әдістемелік журнал. - No5(6). -2016ж.

3. К.Өстеміров, Н.Адамқұлов «Технология оқулығы» 7 сынып

4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер

ЕСМАГАНБЕТОВА ГУЛБАГДА САРКЫТОВНА

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Құмқұдық селосы

«Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы. Меңгеруші

Қазіргі кезде егеменді еліміздің ертеңі-өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-қлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі кезде білім ғылым саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналады. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, ол үшін мектепке дейін білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педпгогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Егеменді еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманғасай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – педагогтар еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы-ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр – сырын танып, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай түзету қажет. Әрине ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педпгогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, педогогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау – қазіргі таңдағы әрбір педогогтың міндеті.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – бастыт мәселенің бірі. Білім беру жүйесінде педогогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педогогтың міндеті болып табылады. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде: ынтымақтастық педогогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педогогикалық әдістемелік білімді, педогогикалық шеберлікті, балалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын заманауи педогогикалық әдістердің бірнеше түріне тоқталайық. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту балалардың шығармашылығын дамытуда интербелсенді әдістерді қолдану бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Интербелсенді әдістер тәрбиешілердің басқа балалармен, тәрбиешімен диалогқа кірумен, шығармашылық тапсырма орындаумен, оқытудың «субъекті» ретінде сипатталады. Педогогтың ұстанымы ауысады: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Бала тұлғасын әлеуметтендіру үдерісінің ең басында туындайтын интербелсенді оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды. Интербелсенді әдістер балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін заттақ-дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Еліміздің мектепке дейінгі мекемелері мемлекеттік стандартымызды ұлттық тәрбиемізді негізге ала отырып, оқу қызметін жүгізумен қатар, бала тәрбиесіндегі әлемнің көптеген мемлекеттері пайдаланып отырған үздік тәжірибелі италияндық ағартушы-ғалым М. Монтессори әдісімен жұмыс жасауда . мемлекттік жалпыға бірдей білім беру стандартында қарастырылған бес білім беру салалары М. Монтессоридың әдістемесі бойынша ортаны ұйымдастырумен үндес болып келеді.

М. Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауға, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына , өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухына тәрбиелеу. «Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер» дейді мұндағы бала. Педагог әрқашан мейірімді, балаға басшылық ете отырып, бала мен дайындалған дидактикалық орта арасындағы елші болады.

Мектепке дейінгі шақ адамзат өміріндегі ең шешуші кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарндылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, соншалықты жұмыс нәтижелі болады. Міне осыған сәйкес жеке тұлғаны дамытуда Г.С.Альтшуллердің «Тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясы» технологиясын республикамыздың мектепке дейінгі мекемелерді қолдауда. Шығармашылықты зеттеген ғалымдардың бірі Г.С. Альтшуллер 50 жылға жуық шығармашылық тұлға іс-әрекеті заңдылығын зерделеумен айналысты.

Кейбір психологтар шығармашылықты былай деп бағалайды: алғырлық, білімпаздық, жүйелілік, түпнұсқалық. Ал тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының мақсаты – ойлау стилін жетілдіру, ереже қылу. Яғни адамның өмірге деген көзқарасын аншығармашылық туындайды, ол өмірдегі өзгерістерді, дамуды қабылдауына байланысты болады.

Баланың шығармашылық потенциялының тұлға ретінде даму мәселесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы білім мақсатының біріне жатады. Бүгінгі күні осы Тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының әдістері арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдік құзіреттіліктерін, қабілеттерін дамытудағы маңызды орын алатыны айқын. ТТШТ әдістерін дұрыс қолданудың арқасында балалардың шығармашылық қиялы, тапқырлығы, диалектикалық ойлауы жетіледі.

Елбасының «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт» жолдауында білім-ғылым саласында ерекше көңіл бөлінді. Елбасы алдағы уақытта осы салаға айрықша назар аударуды, әсіресе оқу-ағарту саласын заманауи әдістемелік жағынан жарақтандырып, толық қамтамасыз етуге тапсырды.

Бүгінгі күннің заманауи білім беру жүйесі үшін өзекті мәселелердің бірі- балаларды ғана емес, педагогтардың да, кәсіби құзіреттілігінің дамытуды қамтамасыз ету. Сондықтан қазіргі кезде облысымыздағы мектепке дейінгі педагогтардың тәрбиелеу мен оқытуда заманауи әдістерін қолдануы, оларға әдістемелік қолдау көрсету – басты назарда. Біліктілікті арттыру жүйесі қоғам сұраныстарына дер кезінде жауап беруге мүмкіндігі бар үздіксіз білімнің ең бір оралымды құрылымдарының бірі.

Білімнің әлеуметтік және өмірлік рөлінің, адамның танымдық – шығармашылық мүмкіндігінің өзгеруі біліктілік арттыру жүйесіндегі білім беру ісін үздіксіз жаңаша ұйыдастыруды талап етуде. Осыған орай, біліктілік арттырудың курс бағдарламаларында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары модульдік оқу бағдарламалары болып негіздерген. Педагогтердің кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге бағытталған біліктілікті арттырудың мазмұнына әлемдік және отандық тәжірибе негізінде жаңалықтар енгізуде. Біліктілікті арттыру жүйесінің басты функциясы педагогтардың заманауи технологияларды пайдалана білу қабілеттерін дамыту ғана емес, олардың жаңа әдіс-тәсілдерді өздері таба алатын, жаңарту мен даму тенденцияларына сай өзінің кәсіби қызметіне рефлексивті өзгерістер енгізе алатын кәсіби құзіреттілігін дамыту болып табылады.

08.12.2021 ж. ж № № L00043

Баланың сөйлеу тілін дамытудағы ойынның рөлі

ПЕРНЕБАЙ СЫМБАТ МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ

Түркістан облысы Түлкібас ауданы

*"Психологиялық- педагогикалық
түзету кабинетінің" логопед маманы*

Адам бала кезінен қалыптасады. Мектепке дейінгі жастан бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қаланады. Бала сөйлеуді үй-рене келе, айналадағы дүниені танып - біледі. Көрген - білгенін басқаларға сөз арқылы жеткізіп тілдеседі. Осының өзі оның білім дағдысы молайып, күнделікті өмірден алған әсерінің нығая түсуіне себеп болады. Тіл - баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы барысында ой - өрісін, ақыл - парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімін жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы.

Баланың тілін дамытып, қалыптастыруда ойынның маңызы зор. Ойын технологиясы арқылы баланың тілін дамыту жеңіл болмақ. Ойын баланың оқуға деген ынтасын арттыратын әдіс. Бүгінгі таңда дидактикалық, сюжеттік, спорттық, ұлттық және шығармашылық ойындарды пайдалану маңызды. Ойындар арқылы баланың дұрыс және ұғынықты сөйлей білуін, сондай - ақ ойын жағдайлары арқылы олардың зейіні мен ынтасын арттыруға болады. Баланың тілін дамыту барысында ойын түрлерін және өзара сөйлесу үлгі-лерін қолданған дұрыс.

Ойын дегеніміз не? Ойын қоғамдық тәжірибені қалыптастыру бағытындағы іс - әрекеттің бір түрі, яғни тәртіпті, өзін өзі басқаруды жетілдіреді. Адам тәжірибесінде кең тараған дамыту ойынның қызметі: ойынға тарту, рахаттану, демалдыру, қызығушылығын тудыру. Ойын арқылы баланың бойында адамгершілік қасиеттерді, өмірге деген құштарлықты қалыптастыруға болады. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойын - балалардың ой өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу тәсілі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Ойын дегеніміз - баланың тілін дамытатын, қызықтыра отырып, ойдан ойға жетелейтін, тыныс кең, алысқа меңзейтін, қиялға қанат бітіретін нәзік нәрсе.

Ұлы педагог В. И. Сухомлинский; «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз, шығармашылықсыз толық мәндегі ақыл - ой тәрбиесі болмайды», дейді. Демек, ойын арқылы баланың ақыл - ойы, сөздік қоры толық түседі. Ойынның тілді дамытуда орны ерекше. Рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл тиеді де олар бір - бірімен қарым - қатынасқа түсіп сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір - біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір - бірлерін бақылайды, тәрбиеші тек бағыттаушы болады. Ойын барысында тәрбиешінің рөлі үнемі өзгеріп отырады. Рөлдік ойындарға топ болып қатысқан жөн. Бала рөлде өзін неғұрлым еркін сезінетін болса, соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Бастапқы кезде тәрбиешінің балалардың ынта - жігерін бақылағаны жөн. Біртіндеп ол бақылаушы бола бастайды. Кейде тәрбиешінің өзі де басты рөлден басқа кез - келген рөлде ойнауына болады. Тек ол рөл топтағы тіл қатынасын дұрыс бағыттап отыратындай болсын. Тәрбиеші көмек қажет ететін балаға жақындап, оның жұмысына жәрдем беруіне болады.

Ойын барысында тәрбиеші баланың қатесін бірден түзетпейді, тек білдіртпей, өзіне ғана түртіп алады да келесі сабақта осындай қателермен жұмыс жасайды. Рөлдердің сипаттамасы түсіндіріледі. Бала өзінің ойнайтын бейнесін тез елестету үшін ойын шарты дұрыс, нақты түсіндірілуі қажет. Рөлде ойнап тұрған бала өзін сол кейіпкерге теңеп (мәселен батырға немесе шешенге), кейіпкердің жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді, мақал - мәтелдерді пайдалану барысында әдеби сөйлеуге дағдыланады, сөздік қоры молаяды, хал-қымыз асыл - маржанын меңгереді. Рөлдік ойындар баланың тілін дамытуда, сөйлеу мәдениеті мен ақыл - ойын, дүниетанымын жетілдіруде тиімді нәтиже береді. Драматизациялық ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуға үлкен әсер етеді. Драматизациялық ойындардың түрі басқа ойындарға қарағанда күрделірек, себебі ол ертегілерден және әдеби шығармалардан құралады. Рөлдік ойындарды меңгергеннен кейін балалар бұл ойынның түрін тез меңгереді. Мысалы, драматизациялық ойындарды екі түрлі дайындауға болады:

1. Шығарманы өзгертпей, түпнұсқасында сахнада қою;
2. Мәтінге шығармашылық өзгерістер енгізіп, сахнада қою.

Драматизациялық ойындардың белгілі, айқын мақсаты бар:

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік қарым - қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

2. Балаларды сөйлеуге үйрету;

3. Өмірдегі кез - келген оқиға туралы естігенін айтуға және іс - әрекет жүзінде көрсете білуге машықтандыру.

Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай кезде баланың қызығушылығы төмендейді. Қандай да болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген дұрыс. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуді үйренеді. Ата - аналар мен тәрбиешілер баланың тілін дамыту мен тәрбиелеуде ойын түрлерінің маңызы зор екенін ұмытпаулары қажет.

Сөйлесу қызметі - белсенді әрі мақсатты үрдіс. Бұл қызмет түрі серіктестің болуын талап етеді. Онда бірі сұрақ қойса, екіншісі жауап береді. Мектеп жасына дейінгі мекемелердің басты мақсаты - бүлдіршіндердің диалогтық қарым - қатынасы болып табылады. Балалар өз құрбыларымен сөйлесу арқылы тілін дамытады.

Ойынның мәні - баланың дербес әрекеті мен төңірегіндегі өзгерістерді танып - білуіне жол ашу. Ойын халықтық педагогиканың ең бір көне және тиімді құралдарының біріне жатады. Бала ойын арқылы өзінің өмірден байқағандарын жүзеге асырып, айналасындағы адамдардың іс - қимылдарына еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды, ұлттық ойындар, оның ішінде ата - бабаларымыздың баға жетпес құнды қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді, сөздік қорын байыта түседі. Сабақтарды ұлттық ойындармен байланыстыра түсіндіру тақырыптарды тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Балабақшаларда ұлттық ойындар ұтымды пайдаланылса, онда тәрбиеленушілердің тілін дамытуға, білімге деген құштарлығын арттыруға және қазақ халқының мол мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Қазақтың белгілі ғалым - ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін, өткен ұрпақтың

дәстүрі мен тарихын құрметтеп, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерінің дамуына, сөздік қорының баюына қосатын үлесін жоғары бағаласа, біртуар ақын Мағжан Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігінің, тілдік тәрбиенің негізгі ажырамас бөлшегі деп тұжырымдайды. Тілді дамыту мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізгі болуы тиіс, өйткені баланың сөздік қорының нығаюы оның танымдық қабілетін арттырып, сана - сезімін кеңейтеді.

Тіл - халықтың ажары, базары, бағы. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, өзі-нің айналасында болып жатқан өзгерістерді, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілі-нің дамуына ең алдымен ата - анасы міндетті. Бала тілінің дамуы негізінен эмоциялық ортаға, әр баланың отбасында қалыптасқан әкесі мен анасының, атасы мен әжесінің, үлкен мен кішінің қарым - қатынасына тығыз байланыс-ты. Баланың өзге адамдармен қарым - қатынасының негізі де отбасында қалыптасады. Бүгінгі техникалық мүмкіндіктер жақсы дамыған заманда ата - аналардың да мүмкіншіліктері кеңейе түсуде. Теледидар арқылы көрсетілетін ертегілер мен қойылымдар, ойындар баланың тілдік дамуына өз әсерін тигі-зері сөзсіз.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, мектепке дейінгі әр түрлі топтардағы балалар-дың тілін дамытуда ойындарды тиімді пайдалану осы бағыттағы атқарыла-тын игі іс - шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

№ L00052

08.12.2021 ж.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс түрлері

ТУКЕШОВА АРАЙЛЫ САПАРБАЙОВНА

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аралқұм ауылы.
№ 61 орта мектебінің Педагог-психологы*

Бүгінгі таңда даму мүмкіндігі шектеулі балалар проблемасы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Дене кемістігінің қай түрі болса да, мейлі ол соқыр, не саңырау, не туғаннан кем ақыл болса да, оның өмірге деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, айналасындағы адамдармен де қарым- қатынас жасауын қиындатады. Дене кемістігі адамның әлеуметтік өмірдегі мінез құлқының ауытқуына әкеп соқтырады.

Ұлы педагог А.С.Макаренко «Баланың өскенде қандай болатыны,оны бес жасқа дейінгі тәрбиеге байланысты»-деген.

Ақыл-ой тәрбиесі тек ойдың дамуы ғана емес,оның дамуы ойлау процесінің құрылысымен де сипатталады.Даму баланың сандық,сапалық жағынан жетілуі, психикасының, ой-санасының өсуі.

Ақыл-ойдың дамуы дегеніміз- оқушының жасына байланысты білім мен тәрбиенің әсерінен,оның ақыл-ой әрекетінде болатын сандық және сапалық өзгерістерінің жиынтығы.Ақыл-ойды дамытудың шарты,іс-әрекеттің тиімді ұйымдастырылуы, әлеуметтік ортаның әсері, адамдардың қарым-қатынасы, тілді меңгеруі, қабылдауы мен түйсінуі, берілетін білім сапасы.

Жас ұрпақтың ақыл-ойының дамуы еңбек пен ғылым,білімнің ұштасуына байланысты.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды анықтауда дұрыс диагностика жүргізу, оларды табысты және нәтижелі оқытуға, ал болашақта әлеуметтік ортаға бейімделіп кетуіне жағдай тудыратын арнайы сыныптар мен топтарға орналастыру - қазіргі уақыттағы аса маңызды әлеуметтік және педагогикалық мәселе болып табылады.

Жас ұрпақты оқыту-тәрбиелеу жұмысын қазіргі заман талабына сай стандартқа енгізуді оқушылармен жеке дифференциалды жұмыс істеу нәтижесінде қол жеткізуге болады. Демек, оқушыларға қажетті білім, білік көлемі мен дағдыларын қазіргі қоғамның талабымен сәйкестендіріп беру қажет.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс істеген, кезде балалардың есте сақтау, онан кейін жатталатын материалды қайта жататырғанда қалай қиналатын көрген мұғалім, интеллектісі бұзылған және ақыл-ойы кемтар балалардың есте сақтауын дамытуға оңтайлы екі әсер ететін түрлі жаттығуларды топтастырып, дамытуға көңіл бөлу керек.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психикалық дамуын жетілдіру негізінен үш бағытта жүргізіледі:

1. Балаларға жан-жақты диагностикалық тексерулер мен мамандардың консультативтік кеңестерін ұйымдастыру, негізгі зақымданулардың дәрежесін анықтау;
2. Емдеу, сауықтыру, әлеуметтік бейімдеу жұмыстарын ұйымдастыру;
3. Түзету және дамыту бағыттарында арнайы әдістемелерді құрастырып, оларды қолдану.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістері

I. Әңгіме әдісі баламен қатынас орнату құралы қызметін атқарады. Баланың ақыл-ой қабілеттерін анықтауда әңгіме барысында мынаны анықтау керек:

1. Баланың өзі, өз ата-анасы, жақын туыстары, достары (аты-жөні, тегі, жасы) туралы түсініктерінің нақтылығын және «жеңуге», «көршілер», «туысқандар», ұғымдарын талдау қабілеті.
2. Уақыт туралы түсінік сипаты (сағатта уақытты анықтау іскерлігі, уақыт созылуын түсінуі)
3. Табиғат құбылыстары жайлы (жыл мезгілдерін олардың белгілерін есепке алып ажыратуы, қар, найзағай т.б) туралы түсініктің болуы
4. Кеңістікте бағдарлау іскерлігі «оң-сол», «жоғары-төмен», «жақын алыс» т.б ұғымдарды практиканың игеруі
5. Өз Отаны туралы, көрнекті жағдайлар туралы білімнің болуы, оқыған кітабын, көрген фильмін түсінуі.

II әдістеме. Бақылау әдісі. Балаларды зерттеуде ең негізгілердің бірі. Бақылау бала кеңес алуға келгенен бастап, тексеру барысында жалғаса береді. Бақылау мақсатты жүргізілуі керек. Баланың ойын әрекетінде, бақылауда мынаған назар аударыңыздар:

ойыншықты көргендегі эмоциялық реакцияның сипаты, ойыншықпен өз бетімен ойнай алуы және ойынды ұйымдастыру, ойыншықпен әрекетінің ақылға сыйымдылығы, ойын іс-әрекетінің қызығушылығының тұрақтылығы.

III әдістеме. Сурет-балаларды зерттеуде маңызды дифференциальды диагностикалық көрсеткіш. Психикалық ауру балалар суреттері өзгеше мағынасыздық, бейнеМнің түсініксіздігі, түсті қалай болса солай пайдалану, пропорция сақтамау т.б суреттерінде көрінеді.

ІҮ. «Кооса» кубиктері, «Равен матрицасы», «Шульте кестесін» пайдалануға болады.

Көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратары бұзылған балалар психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде қолдау алады. Бірақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды түзеу кабинеттерінмен қамту мүмкіндігі ауылдық жерлерде өте төмен. Бұл бала санының аздығына байланысты. Түзеу кабинеттерінің орталықтарынан шалғайда орналасуларымен түсіндіріледі. Сондықтанда да, түзеу жұмыстарының негізгі ауырпашылықтары дефектология саласында дайындықтары бар мектептердегі педагог-психологқа түседі.

Сонымен жанұясында даму мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларының әлеуметтік мәселелерінің зерттеу және оның шешу жолдарының анықтау мамандардың өзекті бағыты болмақ.

«Ең бастысы даму мүмкіндігі бар балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасауымыз керек. Әр баланың қабілет – қарымын анықтап, дұрыс бағыт – бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеуіміз керек ».

Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, ақыл-ой кемістігі бар баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып өзіндік дарындылығы айқындалады деп ойлаймын. Оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді.

Мұғалімдерге ұсыныс:

1. Сөйлеу, көру, есту, эмоциялық-ерікті салалары, оқытуда қиындықтарымен, қатынастары, мінез-құлқы бұзушылығымен балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық түзеу және оналту түрінде жүйелі психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық көмек көрсету.
2. Баланың әлеуметтік жағдайының дамуын есепке алумен, жекеше-дамытушылық бағдарламаларды әзірлеу және құру.
3. Жекеше, топпен жұмыс істеу түрінде түзеу-дамытушылық оқытуды жүргізу.
4. Дамытуда ақыл-ойы төмен балаларды отбасы жағдайында тәрбиелеу бойынша ата-аналарға (оларды ауыстырушы адамдарға) кеңес беру.

МАЗМҰНЫ

- *НУРМУХАМБЕТОВА АЙГЕРИМ ҚЫДЫРБЕКОВНА*
- *КУРМАШЕВА НУРГУЛЬ ГУБАЙДОЛЛИНОВНА*
- *МАКАЖАНОВА КАРЛЫҒАШ АМАНБОЛОВНА*
- *ТАСТЕМБЕКОВА АЙГУЛЬ АМАНГЕЛЬДИНОВНА*
- *АХМЕТОВА БАГИЛА БАЙМЕНОВНА*
- *ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АЛМАС КАЛДАРБЕКОВИЧ*
- *ДЮСЕНБАЕВА АМИНА АБИЛКАЙРОВНА*
- *ИСКЕНДИРОВА ГУЛНАЗАТ ЖУМАШЕВНА*
- *ШӘКІРБЕКОВА АҚБОТА БАЗАРБАЙҚЫЗЫ*
- *СУЛЕЙМЕНОВА БАГИРА ТОЛЕГЕНОВНА*
- *ТАНАТАРОВ НАЗАР ГАЗИЗБЕКОВИЧ*
- *ЕСМАГАНБЕТОВА ГУЛБАҒДА САРКЫТОВНА*
- *ПЕРНЕБАЙ СЫМБАТ МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ*
- *ТУКЕШОВА АРАЙЛЫ САПАРБАЙОВНА*